

есеп жүйесі шығындарды есепке алу жүйесіне және оларды қаржылық жауапкершілік орталықтарына, өнім түрлеріне, шығындар орталықтарына бөлуге байланысты. Кәсіпорындағы шығындарды басқарудың рөлі іс жүзінде өте үлкен, өйткені шығындар жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізген кезде ғана жалпы пайдаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Шығындарды жан-жақты басқару шығындарды есепке алу және бағалау процесінде өнімнің өмірлік циклінің әр кезеңін, оны жобалау сәтінен бастап, алынған қаржылық нәтижемен және сатудан кейінгі қызметпен аяқтау қажет деп болжайды. Көбінесе өнімге шығындарды азайту оны жобалаудың және өндіріске енгізудің бастапқы кезеңінде жүзеге асырылады. Негізінен назар аударылатын өнімнің өмірлік циклінің өндірістік кезеңінде шығындарды бақылау ресурстардың артық шығынын болдырмай, жоспарланған нормаларды ұстануға мүмкіндік береді. Мақсатты есептеу өнімді дамытуда командалық тәсілді қолданумен тығыз байланысты. Бұл термин жобалау кезеңінде кәсіпорында өнімді құру және жылжыту процестерімен тікелей немесе жанама байланысты әр түрлі қызмет саласындағы мамандар тобы құрылады деп болжайды. Арнайы құрылған топтың әрбір мүшесі жобаланған өнімнің қосымша қасиеттерін енгізу немесе алып тастау бойынша шараларды ұсынады, осылайша оны жетілдіруге және негізсіз шығындарды азайтуға ықпал етеді. Нәтижесінде компания жоспарланған мақсатты құны және болжамды пайда деңгейі, сондай-ақ тұтынушылардың қызығушылығын қамтамасыз ететін жоғары деңгейдегі тұтынушылық қасиеттері бар өнімдер алады. Мақсатты шығындар жүйесінде өнімді жобалау процесін функционалды және шығындар талдауынан басқа, тағы бір әдіс бар - өнімді қабатты талдау. Бұл құралды қолдану бәсекелес кәсіпорындардың өнімдерін оның құрамдас бөліктеріне бөлуге, тұтынушыны қызықтыруға мүмкіндік беретін арнайы функцияларды, сондай-ақ шығындар деңгейіне тікелей әсер ететін өндірістік процестердің сипатын анықтау үшін оларды егжей-тегжейлі талдауға негізделген. Өнімді өмірлік циклдің өндірістік кезеңінде іске қосу кезеңінен кейін кайзен-костинг жүйесі қолданылады. Бұл термин қолданыстағы өндірістік технологияға біртіндеп жетілдіруді енгізу процесі ретінде анықталады. Осы жүйенің арқасында технологиялық процеске тікелей жауапты қызметкерлердің өзі өндірістік операцияларды талдау арқылы резервті зерттейді.

Жоғарыда аталған барлық проблемаларға қарамастан, басқарушылық есеп жүйесін қалыптастыру және енгізу кәсіпорынның дамуына ықпал етеді, өйткені дұрыс және нақты тандалған басқару есебі мақсаттарды белгілеу, басымдықтарды белгілеу, стратегиялық жоспарлау, кәсіпорынның экономикалық қызметін болжау үшін қажетті ақпаратты ұсынады, сонымен қатар даму перспективаларын, бизнес үшін ашылатын мүмкіндіктерді бағалау және талдау үшін мәліметтер береді және қабылданған басқару шешімдерінің орындалуын бақылаудың тиімді әдістерін қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер:

1. Иманбаева З.О. Басқару есебі: оқу құралы/Қ. Жұбанов атын. Ақтөбе өңірлік мемлекет. ун-ті. - Алматы: Экономика, 2017. -274 б.
2. Зейнуллина А.Ж. Басқару есебінің негіздері: оқу құралы/ -Алматы: ССК, 2018. -168 б.
3. Толымғожина М.Қ. Контроллинг: оқу құралы - Алматы: ССК, 2018. -140 б.

Емілжанов Т.Е., 1 курс (Қарағанды экономика университеті)

#### ҚҰРЫЛЫС ҰЙЫМДАРЫНДА ҮСТЕМЕ ШЫҒЫСТАРДЫ ТАРАТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құрылыс өндірісін ұйымдастыру, басқару және қызмет көрсетумен байланысты шығыстар үстеме шығыстар деп аталады. Оларды жекелеген жұмыс объектілерінің өзіндік құнына тікелей жатқызуға болмайды, өйткені олар құрылыс өндірісінің жалпы шығындары болып саналады.

Құрылыс өндірісінің үстеме шығыстары екі топқа бөлінеді:

1. Құрылыс машиналары мен техникасын ұстап тұру және пайдалану шығыстары
2. Жалпы өндірістік үстеме шығыстар.

Мердігерлік құрылыс ұйымдары оны ұстап тұруға жұмсалатын шығыстар айтарлықтай мөлшерге дейін жететін жеткілікті материалдық-техникалық базаға иелік етеді. Құрылыс машиналары мен техникасын пайдалану және ұстап тұру шығыстарының есебі үшін арнайы шот жоқ, соның салдарынан негізгі құрылыс машиналарының өнім өндіру нормаларын орындауы мен оның тиімді пайдалануын жүйелі бақылауды жүзеге асыру мүмкін емес. Одан өзге, есебін бірге жүргізу, үстеме шығыстарды және құрылыс техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстарын бөлу

оларды құрылыс жұмыстарының тиісті объектілеріне объективті түрде есептен шығаруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан 8410 «Үстеме шығыстар» шоты құрамында 1 “Құрылыс машиналары мен техникасын ұстап тұру бойынша шығыстар” субшотын және 2 “Жалпы өндірістік үстеме шығыстар” субшоттарын ашу және шаруашылық субъектісінің Есеп саясатында оны бекіту көзделеді.

Құрылыс машиналары мен техникасын ұстап тұру және пайдалану шығыстарына:

жанар-жағар майлардың құны;

өндірістік құрал-жабдықтың амортизациясы; өндірістік құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеуден өткізу;

жабдықтарды күтіп ұстайтын, жүргізетін жұмысшылардың еңбекақысы;

еңбекақыдан аударымдар; электр қуаты, бу мен судың құны т.с.с. [1, б.76]

Ауысымдық онкүндік рапорт ірі құрылыс машиналары жұмысының есебін жүргізу үшін негізгі бастапқы құжаттар болып саналады. Ол әрбір машина үшін мынадай көрсеткіштерден тұрады: нақты және жоспар бойынша өндірілген өнім атауы мен көлемі, сағаттармен есептегендегі уақыт, ауысым ішінде бос тұрып қалу, машиналардың жұмыс істейтін орны. Мұнда жұмыс есебі мен машинистке еңбекақы есептеу мәліметтері бар.

Шағын машиналар мен тетіктердің жұмысы олардың құрылыс алаңдарында күнтізбелік уақыт бойынша болуымен есепке алынады, ауысымдық рапорттар жасалмайды. Бір айда бір рет есеп беріледі, онда құрылыс объектілері бойынша әрбір машинаның атқарған машина-ауысымының саны көрсетіледі.

Құрылыс техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстары өзіне келесілерді енгізеді:

1. Бір жолғы шығыстар: тиеу және түсіру, машиналарды тасымалдау, құрастыру, бұзу және машиналарды сынап көру үшін қосу шығыстары – оларды жүзеге асыру кезінде 1720 немесе 2920 “Болашақ кезеңдердің шығыстары” шотының дебеті бойынша есепке алынады, содан соң теңдей үлестермен “Құрылыс машиналары мен техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстары” субшотына аударылады.

2. Ағымдағы шығыстар 8410/1 «Құрылыс машиналары мен техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстары» шотында есепке алынады, сол үшін 8410/1 шоты құрамында шығыстар жекелеген баптар бойынша есептеледі:

материалдар – жұмсалған отын, жағар май материалдары, электр қуаты құнын есепке алу үшін; жұмысшылардың еңбекақысы – машиналарды басқару және қызмет көрсетумен (мотористер, машинистер және т.б.) айналысатын жұмыскерлерге есептелген еңбекақыны көрсету үшін; еңбекақыдан бөлінген аударымдар – Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте және мөлшерлерде еңбекақыдан жасалған аударымдарды көрсету үшін; негізгі құралдарды жөндеу – құрылыс машиналары мен техникасын жөндеуге кеткен шығыстарды көрсету үшін; негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясы” – құрылыс техникасының амортизациясын есепке алу үшін; жалгерлік ақы – жалға берілген құрылыс техникасы үшін төлейтін жалгерлік ақыны есепке алу үшін; өзге шығыстар – алдыңғы баптарда есептелмеген шығыстар көрсетіледі.

Ай соңында, құрылыс техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстары негізгі өндіріс жұмыстарының құрамына есептен шығарылады және объектілер арасында атқарылған машина-ауысымның сметалық құнына пропорционалды бөлінеді. [2, б.76]

Бір ай ішіндегі негізгі өндірістің есепке алынған үстеме шығыстары құрылыс жұмыстары өндірісінің жекелеген объектілері арасында бөлінеді. Бір мезгілде құрылыс және монтаж жұмыстарын жүргізетін ұйымдарда үстеме шығыстар алдымен жұмыс түрлері арасында бөлінуі тиіс, содан кейін құрылыс және монтаж жұмыстары өндірісінің жекелеген объектілері арасында бөлінеді.

Жұмыс түрлері (құрылыс, металконструкцияларды құрастыру, электр монтаж жұмыстары, құрал-жабдықтарды құрастыру) арасындағы негізгі өндірістің нақты үстеме шығыстарының сомасы орындалған жұмыс көлемінің сметалық сомаларына пропорционалды бөлінеді. Құрылыс жұмыстары мен металл конструкцияларын монтаждаудың жекелеген объектілері арасындағы үстеме шығыстар тікелей шығындар сомасына пропорционалды, ал электрмонтаждау және құрал-жабдықтарды құрастыру жұмыстары бойынша – негізгі өндіріс жұмысшыларының негізгі еңбекақысына пропорционалды бөлінеді.

Отандық тәжірибеде құрылыс машиналары мен техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстарын бөлу үшін мынадай бөлу базалары қолданылады: жұмыс – сағат, машина – сағат.

Үстеме шығыстарды тарату тәртібін «Тастан-А» ЖШС-тің мысалында қарастырайық. Оның қызмет түрі - мамандандырылған құрылыс жұмыстары (басқа құрылыс-монтаж жұмыстары). Құрылыс машиналары мен техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстарының есепті мерзім

ішінде жалпы сомасы – 1 200 000 тенгені құрайды. Құрылыс объектілері бойынша орындалған машина-сағат саны:

1 объект - 35 000 машина-сағат

2 объект - 25 000 машина-сағат

Барлығы – 60 000 машина-сағат

1 машина-сағатқа шығындар ставкасы =  $1\ 200\ 000\ \text{тг.} : 60\ 000 = 20\ \text{тенге/м-с.}$

Құрылыс объектілерінің өзіндік құнына енгізілетін шығындар:

1 объект =  $20 \times 35\ 000 = 700\ 000\ \text{тг.},$

2 объект =  $20 \times 25\ 000 = 500\ 000\ \text{тг.}$

Барлығы - 1 200 000 тг.

Таратылған сомаларға мынадай бухгалтерлік жазулар беріледі:

Дебет 8110 «Негізгі өндіріс»/ субшот 1 объект – 700 000

Дебет 8110 «Негізгі өндіріс»/ субшот 2 объект - 500 000

Кредит 8410/1 «Құрылыс машиналары мен техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстары» – 1 200 000.

Егер құрылыс ұйымында құрылыс және монтаждау жұмыстары бір мезгілде жүргізілсе үстеме шығыстарды алдымен жұмыстар арасында тарату керек. Сметалық нормалар бойынша үстеме шығыстар мөлшері мынадай:

1. Құрылыс жұмыстары бойынша – 12% тікелей шығындар сомасынан.

2. Монтаждау жұмыстары бойынша – 80% негізгі еңбек ақы сомасынан.

«Тастан-А» ЖШС-інде ай ішінде орындалған жұмыстар көлемінде тікелей шығындар сомасы - 9 000,0 мың.тенге, ал монтаждау жұмыстарын орындаған жұмысшылардың еңбек ақысы шығындары – 2040,0 мың.тенге.

Бір айдағы үстеме шығыстардың нақты сомасы – 2 850,0 мың.тенге, Осы соманы құрылыс және монтаждау жұмыстары арасында тарату қажет.

1. Үстеме шығыстардың сметалық мөлшері:

а) құрылыс жұмыстары бойынша тікелей шығындардан – 12%;

$9\ 000,0 \times 12\% : 100\% = 1\ 080,0\ \text{мың. тенге.}$

б) монтаждау жұмыстары бойынша – 80% негізгі еңбек ақы сомасынан:

$2040,0 \times 80\% : 100\% = 1\ 632,0\ \text{мың. тенге}$

2. Үстеме шығыстардың жалпы сметалық сомасы:

$1\ 960,0\ \text{мың.тг} + 832,0\ \text{мың.тг} = 2\ 792,0\ \text{мың.тг.}$

3. Үстеме шығыстарды тарату коэффициенті:

$2\ 850,0 : 2\ 792,0 = 1,02077$

4. Құрылыс жұмыстарына жатқызылатын үстеме шығыстар:

$1\ 960,0 \times 1,02077 = 2\ 000,7\ \text{мың.тенге}$

5. Монтаждау жұмыстарына жатқызылатын үстеме шығыстар:

$832,0 \times 1,02077 = 849,3\ \text{мың.тенге}$

Барлығы: 2 850,0 мың.тенге

Осыдан кейін үстеме шығыстар құрылыс объектілері арасында таратылады.

Мысалы, «Тастан-А» ЖШС-інде есепті айда екі объектіде құрылыс және монтаж жұмыстары атқарылды. Шығарылған шығындар сомасы мынадай болды (мың. тг.):

Объекттер түрі	Тікелей шығындар	Жұмысшылардың еңбек ақысы
1 объект	3000,0	700,0
2 объект	6000,0	1340,0
Барлығы	9000,0	2040,0

	Тікелей шығындар	Үлес салмағы %	Үстемеш шығыстар сомасы	Жұмысшылардың еңбек ақысы	Үлес салмағы %	Үстемеш шығыстар сомасы	Барлық үстемеш шығыстар сомасы
№ 1	3000,0	33,3	666,2	700,0	34,3	291,3	957,5
№ 2	6000,0	66,7	1 334,5	1340,0	65,7	558,0	1892,5
Жиынды	9000,0	100,0	2000,7	2040,0	100,0	849,3	2 850,0

Таратылған үстемеш шығыстар сомасына мынадай бухгалтерлік жазулар беріледі:

Дебет 8110/1 «Негізгі өндіріс» 1 объект - 957,5

Дебет 8110/2 «Негізгі өндіріс» 2 объект - 1892,5

Кредит 8410 «Үстемеш шығыстар» - 2850,0

Халықаралық тәжірибеде үстемеш шығыстарды таратудың дуалистикалық әдісі қолданылады.

Ол шығындарды тұрақты және айнымалы түрге бөлуге негізделген. [3, б. 156]

Осы әдісті «Тастан-А» ЖШС-гінің мысалында қарастырайық, үстемеш шығыстар сомасы – 1790,0 мың теңгені құрайды, кәсіпорын үстемеш шығыстарды таратудың дуалистикалық әдісін қолданады. Үстемеш шығыстарды талдау нәтижесінде тұрақты үстемеш шығыстар сомасы – 790 мың теңге, жоспар бойынша 700 мың теңгеге тең болды. Айнымалы үстемеш шығыстар сомасы 1 000,0 мың теңгені құрайды. Үстемеш шығыстарды тарату базасы ретінде негізгі жұмысшылардың орындаған жұмыс уақыты алынған және ол есепті мерзімде 800 адам-сағатқа тең болды, оның ішінде:

1 объектіде – 200 адам-сағат,

2 объектіде – 600 адам-сағат.

Жоспарланған жұмыс уақыты 750 адам-сағат, оның ішінде:

1 объектіде – 250 адам-сағат,

2 объектіде – 500 адам-сағат.

Енді үстемеш шығыстарды дуалистикалық әдіспен таратайық.

Айнымалы үстемеш шығыстар: тарату ставкасы = 1000,0 мың тг : 800 адам-сағат = 1,25 мың.тг.

1 объектіге –  $200 \times 1,25 = 250,0$

2 объектіге –  $600 \times 1,25 = 750,0$

барлығы: 1000,0 мың.тг.

Тұрақты үстемеш шығыстар: тарату ставкасы = 700,0 мың тг : 750 адам-сағат = 0,933 мың.тг.

1 объектіге –  $200 \times 0,933 = 186,6$

2 объектіге –  $600 \times 0,933 = 559,8$

барлығы: 746,4 мың.тг.

Дебет 8110/1 объект –  $250,0 + 186,6 = 436,6$  мың.тг.

Дебет 8110/2 объект –  $750,0 + 559,8 = 1309,8$  мың.тг.

Кредит 8410 «Үстемеш шығыстар» 1746,4 мың.тг.

Таратылмаған тұрақты үстемеш шығыстар =  $1790,0 - 1746,4 = 43,6$  мың.тг.

Таратылмаған тұрақты үстемеш шығыстар тағы таратылады:

Объект	Нақты адам-сағат	Бюджеттік ставка	Таратылған сома (мың.тг)	Үлес салмағы	Шығарылатын сома (мың.тг)
№ 1	200	0,933	186,6	25,0	10,90
№ 2	600	0,933	559,8	75,0	32,70

Барлығы:	800	-	746,6	100,	43,60
----------	-----	---	-------	------	-------

Таратылмаған тұрақты үстеме шығыстар сомасын шығару (мың.тг.):

Дебет 7010 «Өткізілген өніммен көрсетілген қызметтің өзіндік құны»/1 объект – 10 900 тенге

Дебет 7010«Өткізілген өніммен көрсетілген қызметтің өзіндік құны»/2 объект – 32 700 тенге

Кредит 8410 «Үстеме шығыстар» – 43 600 тенге.

Зерттелген серіктестікте үстеме шығыстар есепті мерзім соңында төменде көрсетілген әдістермен таратылмайды, бұл жағдай аталған шығыстарға бақылау жүргізуге кедергі жасайды. Сондықтан құрылыс машиналары мен техникаларын ұстап тұру және пайдалану шығыстарын бөлек есептеуді және таратуды ұсынамыз.

Сонымен, құрылыс ұйымдарының үстеме шығыстары қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, оларды таратудың ұтымды әдістерін қолдану құзыретті басқаруға, үстеме шығыстарды ұтымды деңгейге дейін төмендетуге және өз қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

1. Мадиева К.С. Сәдуақасова Ә.Б. Өндіріс саласындағы бухгалтерлік есеп. – Оқу құралы. - Қарағанды, 2015.- 198 б.
2. Бейсембаева А.К. Құрылыстағы бухгалтерлік есеп. Алматы : Нур-Пресс, 2013.- 120 б.
3. Друри К. Управленческий и производственный учет. / Пер с англ.- М.: Юнити-Дана, 2012.- 758 с.

Еремина К.В., 1 курс (КарУ имени академика Е.А. Букетова)  
 Научный руководитель – к.э.н., доцент Сыздыкова Э.Ж.

#### ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

На высшем уровне государственного аппарата Казахстана соблюдается ответственное отношение к развитию гендерного равенства. За последние десять лет Казахстан добился значительного прогресса в расширении прав и возможностей женщин в социально-политической сфере. Основные достижения включают принятие двух важных законов: Закона о государственных гарантиях равных прав и возможностей мужчин и женщин, Закона о предотвращении домашнего насилия 2009 года и принятие Национальной стратегии гендерного равенства на 2006–2016 годы. Также произошли важные сдвиги в участии женщин в общественной и политической жизни в Казахстане, но женщины по-прежнему недостаточно представлены на ключевых политических должностях. Сегодня Парламент Республики Казахстан представлен 33 женщинами, в Мажилисе 26% от общего числа депутатов палаты [1].

В интересах устранения оставшихся пробелов в республике принята новая Концепция семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года, цель которой - обеспечить равенство в правах, льготах, обязанностях и возможностях мужчин и женщин во всех отношениях.сферах общественной жизни, а также устранить все формы и проявления гендерной дискриминации. Это дает беспрецедентную возможность разработать общегосударственный подход к достижению гендерного равенства на практике. Таким образом, я считаю этот обзор весьма актуальным. Задача - способствовать развитию и укреплению институциональных механизмов и стратегических возможностей Правительства Республики Казахстан для обеспечения и сохранения гендерного равенства и полноценного участия женщин и мужчин в общественной и общественной деятельности, на основе лучшего мирового опыта.и высочайшие стандарты деятельности.

Казахстан продвигается вперед в вопросах гендерного равенства в соответствии с международными показателями, используемыми для измерения и сравнения результатов по странам. Индекс гендерного развития (GDI) Программы развития Организации Объединенных Наций (ПРООН) измеряет достижения женщин и мужчин, сравнивая их по трем аспектам индекса человеческого развития (HDI): здоровье; образование; и контроль над экономическими ресурсами (измеряемыми в виде валового национального дохода (ВНД) на душу населения, отдельно для женщин и мужчин). Согласно Отчету о человеческом развитии за 2016 год, IGR в Казахстане составлял 0,795 для женщин по сравнению с 0,790 для мужчин, при общем IGR 1,006. Таким образом,